

АНДАТПА

Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «*Trichophyton verrucosum* қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ірі қара малының трихофития ауруы жас төлдер арасында 3 жасқа дейін жиі, ал 3 жастан жоғары ірі қара мал арасында сирек кездеседі. Себебі қазіргі уақытта ірі қара малдарын трихофития ауруына қарсы вакцинамен иммундау жұмыстары жоспарлы түрде жолға қойылмаған. Трихофития індеті бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отыр, себебі трихофития ауруы адамдарға да жұғады, сондықтан трихофития ауру әлеуметтік жағынан өзекті.

Қазіргі уақытта трихофития ауруы 113 елді мекенде ірі қара мал арасында тіркелген және 35-40% қамтиды. Трихофитиямен ауырған малдардың қондылығы, жас малдардың өсіп жетілуі, алынатын өнімнің (сүт пен еттің және терінің) сапасын күрт төмендетеді.

Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында алынды: Патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі ҚР пайдалы модельге патент алынды.

Алғаш рет ветеринария саласында *Trichophyton verrucosum* дерматофитін патологиялық материалдардан ПТР әдісі арқылы жедел балау қою үшін өндірістік жағдайда жиналған патологиялық сынамалар тексерістен өткізіліп, балау қойылды.

Ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцина тұңғыш рет 2018 жылы дайындалып, Қазақстан Республикасының ветеринариялық реестріне енгізілген.

Ірі қара малдың трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаны өндірістік жағдайда аталмыш ауруға шалдыққан малдарды жоспарлы түрде алдын алу және емдеу жұмыстары жүргізілді.

Біздің жүргізіп отырған қазіргі кездегі заманауи ғылыми-зерттеу жұмыстарымыз еліміздегі ірі қара малдардың дерматомикоздары бойынша эпизоотологиялық (эпидемиологиялық) жағдайды жақсартуға, жоғары санитарлық сападағы қауіпсіз өнімдерді (сүт, сиыр еті және тері) алуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда елімізде ірі қара мал басының артуына байланысты, мал мамандарының алдында алынатын төлдің саны емес сапасына мән беру басты міндет болып табылады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, зооантропофильді трихофитоздың таралу проблемасы қазіргі уақытта тек ветеринариялық және медициналық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрғыдан да өзекті болып қала беретінін түсінуге болады.

Тиісінше, зооантропонозды трихофитоз эпидемиологиясының қазіргі клиникалық ерекшеліктері мен ерекшеліктерін зерттеу қазіргі заманғы ветеринариялық микологияның маңызды міндеті болып табылады. Бұл инфекцияның ерекшеліктерін білу, балауды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде дерматомикозды инфекцияның асқынған, дамыған түрлерінің алдын алу мақсатында уақытылы алдын алу мен емдеу жұмыстарын бастауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: *Trichophyton verrucosum* коздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесі (ПТР) әдісімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу міндеттері

1. Алматы, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша ірі қара малының трихофития індеттік ахуалын зерттеу, ауру малдардан залалды сынамалар жинау.

2. Ірі қара малдарының түздік изоляттарын бөліп алу, өсіру және идентификациялау.

3. Бөлініп алынған түздік изоляттардың иммунобиологиялық (залалдылығы, уыттылығы және иммуногендігі) қасиеттерін зертханалық жануарлар арқылы зерттеу.

4. Ірі қара малдың трихофитиясын балауда ПТР әдісін қолдану.

5. Ірі қара малының трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаның алдын алу және емдік тиімділігін зертханалық жағдайда (қояндарда) сынақтан өткізу.

6. Ірі қара малының трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаның алдын алу және емдік тиімділігін өндірістік жағдайда (бұзауларда) сынақтан өткізу.

1. Зерттеу әдістері.

2. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Алматы, Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша шаруа қожалықтарынан жиналған 141 патологиялық сынамаларын арнайы суслоағар қоректік ортасына себінді жасалып, далалық-түздік трихофития изоляттары бөлініп алынды. Бөлініп алынған далалық-түздік изоляттарға ажыратып балау жұмыстарын П.Н.Кашкиннің, Н.П.Головинаның, Л.Г.Иванованың, Д.Саттонның патогенді, токсигенді және адамға зиянды саңырауқұлақтар анықтамасын қолдана отырып, *Trichophyton verrucosum* түріне жататынын анықталды. Бөлініп алынған *Trichophyton verrucosum* изоляттарының уыттылық, зардаптылық және иммуногендік қасиеттерін

зерттеп, трихофитияның зерттелген қасиеттерінің пайыздық көрсеткіші 60-70%-ды қамтыды, ал стандартты эпизоотологиялық штамның пайыздық көрсеткіші 100% көрсеткіш көрсетті.

ПТР әдісімен трихофитияны патологиялық материалдарда балау, ветеринария саласында алғаш рет енгізілді.

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар).

Trichophyton verrucosum дерматофитін патологиялық материалдарда ПТР арқылы жедел балау қою әдісін дер кезінде қолдану арқылы, ірі қара малдың трихофитиясына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаны өндірістік жағдайға жоспарлы түрде енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Зертеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

1. Қазақстан Республикасының әрбір зерттелінген өңірлерде ірі қара малдың трихофития індетіне шалдығу деңгейі анықталды.

2. Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісіне ҚР пайдалы модельіне патент алынды.

3. Алғаш рет ветеринария саласында патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum* дерматофитін ПТР арқылы жедел балау қою әдісі өндірістік жағдайда жиналған патологиялық материалдар тексерістен өткізілді.

4. Ірі қара малдың трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаны өндірістік жағдайда трихофития ауруына шалдыққан малдарды жоспарлы түрде алдын алу және емдеу жұмыстары жүргізілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі

Қазақстан Республикасының әрбір өңірінде ірі қара малдың трихофитиясының жас төлдердің арасындағы індеттік ахуалы анықталды және қолданылған вакцинаның алдын алу және емдік тиімділігі нақтыланды.

Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында ҚР патенті алынды: Залалды материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі. Пайдалы модель ҚР №8224, 30 маусым 2023 жыл.

Алғаш рет ветеринария саласында патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum* дерматофитін ПТР арқылы жедел балау әдісі енгізілді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Қазақстан Республикасында 2018-2020 жылдарға арналған диссертациялық жұмыс «Бұқашықтарды кастрациялау, белсенділігін басу, бұқашықтарды бордақылау алаңында сұрыптау және практикалық технологияларды әзірлеу» жобасы бойынша, ҚР ҒЖЖБ ТМК, BR06249373-

20 (2018-2020 жж.) бағдарламасы бойынша орындалды) және 2022-2024 жылдары «Жас Ғалым» жобасы бойынша.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы

Диссертациялық тақырыбы бойынша 9 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: 3 мақала ҚР ҒЖБМ ЖЖОКБК ұсынған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасындағы басылымда, 2 ҚР пайдалы модельге патенті, 1 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 тәжірибелік ұсыныс және 1 әдістемелік нұсқау жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы

Диссертация материалдары 116 бетте компьютерлік тексте басылды, оған: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, өзіндік зерттеулер, зерттеу нәтижелерін талдау, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар енгізілді.

Диссертациялық жұмыс 16 кестемен, 7 суретпен безендірілген. Қолданылған отандық және шетелдік әдебиеттер саны 163.